

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 91 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 сәуірде № 5628 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 41 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 05.03.2020 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 тіркелген) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы №31 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5528 тіркелген, 2019 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.А.Есенғалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.Н.Есқалиевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2019 жылғы 12 сәуірдегі №91  
Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

### **Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. Субсидиялар көлемдері жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 19.12.2019 № 336 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
<b>Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы</b>					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру	10 000	175 157	1 751 570
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	маусымы	20 000	36 592	731 840
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100 000	685	68 500
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған	150 000	7 177	1 076 626,5
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	бас	225 000	1 450	326 159,2
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	1 514 767	302 953,4
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	200	18 327	3 665,4
<b>Барлық сомасы</b>					<b>4 261 314,5</b>
<b>Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы</b>					

1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
1.1	отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған	150 000	275	41 250
1.2	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген	бас	225 000	32	7 200
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
2.1	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	1 153 661	23 073,2
2.2	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10	1 668 075	16 680,7
			15	28 510	427,7
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10	287 500	2 875
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5000	2 123	10 615
Барлық сомасы					102 121,6
Етті құс шаруашылығы					
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	600	47 000	28 200
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату				
2.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	60	2 983 341	179 000,5
Барлық сомасы					207 200,5
Жұмыртқалық құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1)	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,2	129 005 406	283 811,9
Барлық сомасы					283 811,9
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу	2 500	38 237	95 592,5
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	маусымы	1 500	248 858	373 215
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	4 073	32 584
3.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	17 394	52 182
Барлық сомасы					553 573,5
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	79	7 900
Барлық сомасы					7 900
Барлығы					5 415 922

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:  
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;  
АҚШ – Америка Құрама Штаттары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК